

Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 39-ө бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 23 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1764. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 30 наурыздағы N 106-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009.03.30 N 106-ө Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 P020041_ қаулысын іске асыру және мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің стажын есептеу бірыңғай тәсілді қолдану мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің ережесі бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.
3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енгізіледі және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

М и н и с т р

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 39-ө бұйрығымен "бекітілген"

Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің
Е Р Е Ж Е С І

1. Осы Ереже мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің тәртібі мен шартын реттейді.

2. Мамандығы бойынша жұмыс стажына мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелерде және ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан басқа да ұйымдарда сол мамандық бойынша жұмыс істеген барлық уақыт есептеледі, с о н д а й - а қ :

1) сол мамандық бойынша мемлекеттік қызметте болған уақыт;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілердің Қарулы Күштерде, Ішкі, шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының азаматтық қорғаныс басқармасы органдары мен бөлімшелерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында міндетті әскери қызмет өткерген, сондай-ақ интернационалдық борышын орындаған, соның ішінде әскери комиссариаттың анықтамасы болғанда әскери қызметшінің тұтқында болған уақыты;

3) жүктілігі және босануы бойынша демалыс, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілген баланы күту жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс уақыты; (РҚАО-ның сілтемесі: Z990493_ 66-67-баптарды қараңыз.)

4) Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, мәслихат депутатының өкілеттіктерін жүзеге асырған уақыты;

5) егер қызметкер шетелге кетер алдында мамандығы бойынша мемлекеттік мекемелерде жұмыс істесе және жолға кеткен уақытын есептемегенде шетелден қайтып келген күнінен бастап екі ай ішінде мемлекеттік мекемеге жұмысқа орналасса, шетелде жұмыс істеген уақыты;

6) жұмыстан заңсыз босатылып, кейіннен жұмысқа қайта орналастырылғанда еріксіз жұмыста болмаған уақыты;

7) мемлекеттік мекеменің жолдамасы бойынша кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында жұмыстан қол үзіп оқыған у а қ ы т ы ;

8) ұйымдарда мамандық бейіні бойынша ғылыми жұмыс істеген уақыты;

9) 1999 жылдың 1 қыркүйегіне дейін мамандығы бойынша интернатурадан және клиникалық ординатурадан өту уақыты;

10) өзінің еңбек қызметі өткен қызмет саласына қарамастан мамандығына

ұқсас лауазымдарда жұмыс істеген уақыты енеді.

3. Осы Ережеге сәйкес есептелетін мамандығы бойынша жұмыс стажы күнтізбелік есептеу бойынша есепке алынады.

4. Күнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақысын арттыру құқығы пайда болған қызметкерлерге лауазымдық жалақы осындай құқық пайда болған күннен бастап еңбек стажы ескеріле отырып есептеледі.

5. Мамандығы бойынша жұмыс стажын және мамандықтардың сәйкестігін мемлекеттік мекеменің еңбек стажын белгілеу жөніндегі комиссиясы айқындайды, оның құрамын тиісті мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді.

6. Комиссияның мамандығы бойынша жұмыс стажын белгілеу туралы шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнің көшірмесі екі данада жасалады, бір нұсқасы - кадр бөліміне, екіншісі бухгалтерияға беріледі. 7. Еңбек кітапшасы (ол болған ретте) немесе жеке еңбек шарты не жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару туралы бұйрықтан үзінді қызметкердің мамандығы бойынша жұмыс стажын анықтау үшін еңбек қызметін растайтын құжаттар болып табылады.

Мамандар: Омарбекова А.Т. Жұманазарова А.Б.